

## Тексеру жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 17 қыркүйектегі N 313

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетінің кәсіпорындарында жиын-терін жұмыстарын жүргізуге арналған жеткілікті мөлшердегі, жаңартуға жататын дизель отынының болмауына байланысты Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы 27 тамыздағы N 291 R970291\_ өкімінің шарттарына сәйкес 13 мың дизель отыны брондалсын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Аймақтардың жұмысын үйлестіру бөлімі және Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті таратылған Көкшетау облысының (1997 жылғы 23 сәуірдегі N 16-3/618 шешім) Төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасының мемлекеттік резервтердің бірінші топтағы мұнай өнімдерін өз бетінше шығындаудағы әрбір фактісі бойынша мұқият талдау жасасын.

Тексеру материалдары 10 күн мерзімде тергеу органдарына тапсырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер және Қаржы бақылау жөніндегі комитеттері жауапты сақтау пункттеріндегі мемлекеттік резервтердің бірінші топтағы қолда бар мұнай өнімдеріне жаппай тексеру жүргізсін және оны өз бетінше шығындау, ұрлауды қоса, фактілері табылған жағдайларда, материалдарды тиісті шаралар қабылдау үшін прокуратура органдарына тапсырсын.

Премьер-Министр